

## Мектеп директорларына


Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 14.04.2025 жылғы №01-03/499 санды шығыс хатына сәйкес Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі 2025 жылдың 25 сәуір күні көркем – эстетикалық бағытындағы пән мұғалімдері арасында аудандық «Үздік өнер сабақтары» атты аудандық байқау өтетіндігін хабарлайды.

Осыған орай, аталған байқаудың Ережесіне сәйкес жалпы орта мектептің пән мұғалімдерінің қатысуын қамтамасыз етулеріңізді сұрайды.

**Ескерту!** Байқаудың ережесі электронды пошталарыңызға жіберілді. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.

Қосымша: 3 бет

Басшы



М.Сванов

Орындаған: Н.Дархамбекова  
Тел: 2-14-10



## Аудандық «Үздік өнер сабақтары» байқауын ұйымдастыру және өткізу ережелері

### 1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Үздік өнер сабақтары» атты аудандық байқауын өткізу Ережесі оның мақсаттарын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын, оны өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.
- 1.2. Байқаудың мақсаты – көркем – эстетикалық бағытындағы пән мұғалімдерінің шығармашылық белсенділіктерін арттыру, мұғалімдердің кәсіби деңгейінің өсуі мен әдістемелік шеберліктерін қалыптастыру, білім беру мазмұнын жанартуда білім сапасын арттыру, көркем – эстетикалық бағыттағы пән мұғалімдерінің озық іс-тәжірибелерін анықтау және насихаттау.
- 1.3. Байқаудың негізгі міндеттері:
  - заманауи озық технологиялармен жұмыс жасайтын мұғалімдердің озық іс-тәжірибелерін тарату;
  - білім берудің заманауи жаңа технологияларын оқу процесіне енгізу;
  - мұғалімдердің кәсіби шеберлігін көрсету;
  - шығармашылық жұмыс істейтін мұғалімдерге қолдау көрсету;
  - педагог кәсібінің мәртебесін арттыру және кәсіби қызметте жоғары жетістіктері бар шығармашыл педагогтерді анықтау;
  - үздік сабақтар жинағын жасау.
- 1.4. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамдарын қалыптастырады, тікелей өткізуді жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және қорытындысын шығаруды жүзеге асырады.

### 2. Байқау кезендері

- 2.1. Байқау екі кезеңде өтеді:
  - 1) I кезең аудандық – **2025 жылдың 25 сәуір;**
  - 2) II кезең облыстық – **2024 жылдың 5 мамыр күні.**
- 2.2. Сұраныстар мен байқау жұмыстары (сұраныс, сабақ жоспары, сабақ үлгісі 25 минуттық) электронды түрде **2025 жылдың 23 сәуір күніне дейін аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбекованың [abb\\_nazgulim@mail.ru](mailto:abb_nazgulim@mail.ru) электронды поштасына жіберілуі тиіс.**

### 3. Байқау қатысушылары және тәртібі

- 3.1. Байқауға аудандағы көркем –эстетикалық бағыттағы пән мұғалімдері қатыса алады.
- 3.2. Байқаудың аудандық кезеңіне 5-9 сыныптар арасынан үздік сабақтар көркем еңбек пәнінен ұлдар тобы 1 сабақтан ( 1 мұғалім 1 сабақ), қыздар тобы 1 сабақтан ( 1 мұғалім 1 сабақ), музыка пәнінен 1 сабақтан ( 1 мұғалім 1 сабақ) жіберіледі.

### 4. Байқаудың бағалау тәртібі

Байқау жұмыстарын бағалауда келесі критерийлер ескеріледі:

Бағалау критерийлері:

- сабақтың ұзақ мерзімді жоспардың тақырыптары аясында болуы, сабақтың мақсатының оқу мақсатына сәйкестігі, түсініктілігі, шынайылығы;
- сабақтың практикалық бағыты;
- оқыту материалының жүйелілігі мен бірізділігі;
- бағдарламаның міндеттеріне сәйкес оқыту материалының ашылу әдіс-тәсілдері;
- ресурстарды пайдаланудағы саны мен сапасы;
- тақырыптың толық ашылуы, әдістемелік әдістердің ерекшелігі, ғылымилығы;
- сабақ кезеңдері, уақыты;
- АКТ қызметтері мен түрлері;
- мазмұны.

### 5. Байқауға ұсынылатын жұмыстардың талаптары

5.1. Байқауға ұсынылатын материалдар:

- Жұмыс мәтіні компьютерде басылып, мынадай құрылымнан тұруы тиіс:
  - титул парағы;
  - сабақтың мазмұны.
- Титул парағында мыналар көрсетіледі:
  - Жұмыс орындалған ұйымның толық атауы, ауданы, мектебі;
  - мұғалімнің тегі, аты-жөні;
  - сабақтың атауы көрсетілуі қажет.
- **25 минуттық** сабақ үлгісі.

## 6. Жеңімпаздарды марапаттау тәртібі

- 6.1. Жеңімпаздар қазылар алқасының шешімімен жоғарыда қойылған талаптарға сәйкес анықталады.
- 6.2. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I,II, III дәрежелі дипломдар және номинацияларымен марапатталады. Үздік сабақтар топтамасы «Көркем өнер» ютуб каналына жарияланады.

### Байқауға қатысуға сұраныс

Байқауға ұсынылатын материалдар туралы мәлімет		
1	Пән атауы( білім саласы)	
2	Сабақтың тақырыбы	
3	Сыныбы	
4	Өткізу тілі	
Қатысушы туралы мәлімет		
5	Тегі	
6	Аты	
7	Әкесінің аты	
8	Білімі	
9	Біліктілік санаты	
10	Педагогикалық өтілі	
11	Жұмыс орны	
12	Лауазымы	
13	Мекен - жайы	
14	Байланыс телефоны	
15	Электрондық поштасы	